алдында тұрған аса маңызды міндеттерге тоқталып, Қарулы Күштердің басты міндеті – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін үнемі басты назарда ұстау, Отанға деген адалдық пен мемлекет қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерге тойтарыс беруге ұдайы жоғары жауынгерлік әзірлікті сақтау екеніне мән берді. Жолдау Қазақстан сарбаздарының патриоттық с е з і м і н одан әрі терең



да назар аударылды.

Семей гарнизоньында болған кездесуде әскери ортада деструктивті идеялардың таралуына жол бермеуге, мақсаты немесе іс-әрекеті ҚР конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынатыны айтылды. Шешендік өнері жөнінде шеберлік сабақтары да өткізіліп, ҚР ҚК туралы жағымсыз ақпаратты бұғаттау жөніндегі әлеуметтік желілердегі жұмыс, әскерилерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, тағы да басқа өзекті мәселелер жан-жақты қозғалды. Сондай-ақ, әскери басқарманың жергілікті органдарындағы әскерге шақыру компанияларының



дайындық мәселелері, ардагерлер, жастар және өзге де қоғамдық ұйымдардың әскери-патриоттық жұмыстары мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жағдайы да тексерілді. Кешенді топ мүшелері

Өскемен және Серебрянск қалаларында, Асыбұлақ, Васильевка, Күршім, Бора, Тұғыл, Жаңғызтөбе, Аягөз, Мақаншы, Үшарал, Достық елді-мекендерінде де ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«ЕЛ ҚОРҒАНЫ» МЕДАЛІМЕН НАГРАДТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Нұрлан Ермекбаевтың бұйрығымен «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының Халық қаһарманы Қ.Қайсенов атындағы 27943 әскери бөлімінің 1-ші мотоатқыштар батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Әлішер Табылдиев 1 дәрежелі «Ел қорғаны» медалімен наградталды.



Ерлігі мен үлгілі қызметі үшін берілген мемлекеттік награда тағы да майор Әлішер Табылдиевтың мерейін асырды. Ол 2019 жылдың 25 тамызы күні еш ойланбастан батыл әрекетке барып, Үлбі өзені жағалауында суға батып бара жатқан бір жасар баланы ажал аузынан құтқарып қалған еді. Әлішер Әзірбайұлы

номинациясының жүлдегері атанды. «ҚР ҚК ардагерлері» РҚБ ШҚО филиалының төрағасы, ҚК құрметті ардагері Төкен Біләлов ержүрек офицердің кеудесіне «Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 95 жылдық мерейтойы» медалін тақты. Өскемен қаласы

өмірін абыройлы қызметке арнай отырып, мемлекеттің мүддесіне бұтіндей берілген нағыз маман, тәжірибелі, беделді, талапшыл командир ретінде танылды. Мысалы, «2019 жылдың әскери адамы»

әкімінің алғыс хатын да алды. Ал, биыл шілде айында «Казцинк» ЖШС-нің «Ізгі жүрек» сыйлығын ұтып алды. Еске сала кетейік, «Казцинк» компаниясының «Ізгі жүрек» сыйлығы өз өмірін қатерге тігіп, қарапайым адамдарды құтқарған қайсар шығысқазақстандықтарға жыл сайын беріледі. Сыйлыққа лайық үміткерлер халықтың дауыс беруі нәтижесінде анықталады. Ізгілік жолындағы батылдығы үшін ең көп дауыс жинаған тәрбиеші-офицерге металлургтердің кәсіби мерекесі күні «Ізгі жүрек» сыйлығы мен 500 000 теңгенің сертификаты берілді. «Ел қорғаны» медалін салтанатты түрде жеке құрамның алдында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының орынбасары полковник Қуаныш Байтеміров пен әскери бөлім командирі подполковник Аслан Кітапбаев табыс етті.

Алуа ИСКАКОВА
«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы

БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР БЕС ҚАРУДЫ БІЛІКТІ МЕҢГЕРГЕН

Күні кеше ғана алғашқы әскери дайындықты аяқтап, Әскери ант қабылдаған Қазақстан Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері Қарасай батыр атындағы Оқу орталығының курсанттары мамандықтары бойынша практикалық сабақтарда өз жетістіктерін көрсете бастады.



Әрбір әскери қызметші үшін өз кәсіби білімін ұдайы меңгеру, өз машығы мен әскери шеберлігін жетілдіру міндетті болып табылады. Еліміздегі карантиндік жағдайларға қарамастан Отан қорғауға бел буып, батырлық танытқан курсанттарымыз әскери техниканы меңгеруде де белсенділіктерін танытып жатыр. Олар әскери техниканы шеберлікпен пайдалануда, жүргізуде және оның қаруынан нысанаға дәл тигізуде ерекшеленуде.

2019 оқу жылының қорытындысы бойынша «Үздік рота командирі» болған екінші оқу-жаттығу мотоатқыштар ротасының командирі ұлан аға лейтенанты Р.Ф.Валиевтің курсанттарының да

жақсы көрсеткіштерге жетуі «ұстаздан шәкірт озардың» дәлелі. Командирдің жоғары көрсеткішінің артында үздік взвод командирінің, үздік курсанттардың тұрары сөзсіз. Оқу-жаттығу мотоатқыштар взводының командирі ұлан аға лейтенанты Б.Төлебаев басқарған взводтың курсанттары осыған дейінгі қорытынды емтиханды тапсыру кезінде де өздерінің ептіліктерімен, ЖҰМ-2 техникасын жетік меңгергендіктерімен көзге түсіп, қорытынды емтиханда жоғары бағаға ие болған.

ЖҰМ-2 техникасының механик-жүргізушілері мамандығын аз уақыт ішінде игере білген курсанттар

Е.Бақтиярұлы мен Р.Карменов алғашқы 5 шақырымға ЖҰМ-2 жүргізу сабағында-ақ барлық кедергілерден мүлтіксіз өтіп, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Курсант Е.Бақтиярұлының әскери мамандыққа икемділігі Ұлы Отан соғысының ардагері Қалдығөз Оңғар атасынан, ал курсант Р.Карменовке Ұлы Отан соғысының ардагері Идрисов Құрбан атасынан дарығаны сөзсіз. Әрине, әрбір «үздік курсант» - өз ісінің шебері, кәсіби тұрғыда сауатты ұлан аға лейтенанты О.Нұрғали, ұлан лейтенанты А.Бұршақ сияқты взвод командирлері қызметінің көрсеткіші.


Әскердегі «соққы күш» иелері - танк әскерлерінің кіші мамандары да, өздерін үздіктер қатарынан көрсете білді. Атап айтсам, әскер қатарына Ақмола облысының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен шақырылған курсант Б.Сыздықов 41 тонналық Т-72 танкісі қаруынан нысананы бір атқаннан жойып, Т-72 танкісінің қаруынан атуды сенімді атқарды. Оның оқ-дәрісінің тактика-техникалық сипаттамасын жақсы меңгергендіктен, атыс кезеңіндегі белгіленген нормативтерді үлгілі орындай білді.

Рота командирінің міндетін уақытша атқарушы ұлан капитаны А.Даулетұлы - өзінің ісімен де, білімімен де, сауаттылығымен де сарбаздарға үлгі боларлық офицер. Танк әскерлерінің курсанттары тек алып сауытты ғана еппен игеруде емес, Калашников автоматынан



4 бақылау ату жаттығуын орындауда да алдына жан салмайды. Атап айтсам, курсант Р.Алиров 4 БАЖ орындау кезінде құралайды көзге атқан мергендігімен таңдай қақтырды. Ол 91 ұпайды қанжығаға ілді.

«Соғыс құдайы» саналатын артиллерия әскери мектебінің математикалық күрделі есептеулерді қажет ететін алып техникаларын меңгеруде, олардан нысанаға дәл тигізуде «үздік курсанттар» қатарынан табылған Д-30 қаруының командирі курсант Р.Ермековті, БМ-21 командирі Д.Пачишинді атап өтпеске болмайды. Осы сарбаздардың жетекшісі взвод командирі ұлан аға лейтенанты Б.Жолбарысқан үстіміздегі жылдың тамыз айының



қорытындысы бойынша «үздік взвод командирі» болғанын да мақтанышпен айта кеткенді жөн көрдім.

Қорыта келе айтарым, Қарасай батыр атындағы Оқу орталығының курсанттары 6 ай ішінде өз мамандықтарын меңгерген соң Құрлық әскерлерінің әскери бөлімдеріне дайын маман ретінде аттанып, өздерін жақсы маман ретінде көрсетуде. Оған дәлел, біздің сарбаздардың әртүрлі оқу-жаттығуларда жоғары бағаларға ие болуы, бірнеше жыл қатарынан бөлімнің алғашқы орындардан табылуы.

30212 әскери бөлімінің командирі ұлан полковнигі Д.Кашкимбековтің айтуынша, қазақ әскерлері тек қана мықты болуға құқылы. «Өйткені, біз – жауынгер ұлттың ұрпағымыз. Біздің бес қаруы сай болған бабаларымыз жарты әлемді тізерлеткен. Қазіргі байтақ даламыз осы сөзімнің дәлелі», - деп рух береді ол сарбаздарға.



**Ұлан капитаны
Гүлназира САМАШОВА,
30212 әскери бөлімі**



АВТОМАТИЗАЦИЯ - ПУТЬ К ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ПЕНСИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ

В рамках программы «Цифровой Казахстан» проводится работа по цифровизации социальной сферы. Данные факторы обуславливают необходимость автоматизации в Министерстве обороны таких направлений деятельности, как назначение, перерасчет, пенсионные выплаты за выслугу лет, контроль за правильностью назначения и выплатой пенсий за выслугу лет, учет и отчетность, ведение картотек пенсионеров, ветеранов и инвалидов Вооруженных Сил

В рамках данной программы и во исполнение Дорожной карты по интеграции информационных систем государственных органов с информационными системами Министерства труда и социальной защиты населения РК от 8 ноября 2017 года Центром пенсионного обеспечения МО РК в течение 2019-2020 гг. проводилась работа по введению автоматизированной программы «Пенсионные начисления», предусматривающей автоматизацию вышеуказанных процессов цифровизации социальной сферы военнослужащих.

С 20 мая текущего года автоматизированная программа «Пенсионные начисления» введена в эксплуатацию и интегрирована с информационными системами Министерства труда и социальной защиты РК.

Таким образом, Министерством обороны, первым среди силовых структур РК произведена интеграция информационной системы Министерства обороны

с информационной системой «Центральная база данных» Министерства труда и социальной защиты населения в части назначения (прекращения) пенсионных выплат за выслугу лет военнослужащим, проходившим воинскую службу в Вооруженных Си-





лах РК.

Интеграция предусматривает автоматизацию следующих процессов по пенсионному обеспечению военнослужащих:

1) составление предварительного (до увольнения) и окончательного (после увольнения) расчетов выслуги лет;

2) назначение пенсионных выплат за выслугу лет;

3) перерасчет пенсионных выплат;

4) приостановление/возобновление/прекращение пенсионных выплат;

5) расчет размеров единовременной выплаты на погребение и единовременного пособия семье умершего.

С 20 мая текущего года выписки и уведомления на выплату и прекращение пенсий направляются в территориальные подразделения НАО Госу-

дарственная корпорация «Правительство для граждан» (далее - Госкорпорация) по месту жительства пенсионера в электронном виде.

На сегодняшний день на пенсионном обеспечении Министерства обороны РК состоит более 20 тысяч получателей пенсий и пособий. Ежегодно количество пенсионеров увеличивается в среднем на 1500 человек. Ежемесячно на назначение пенсионных выплат поступает порядка 105 личных дел уволенных военнослужащих.


На назначение (прекращение) пенсионных выплат за выслугу лет требовалось в среднем до двух недель. С использованием интеграционного взаимодействия сроки доставки электронных документов сократились до считанных секунд.

Тем самым, сокращены сроки выплаты пенсий военнослужащим. Так если раньше назначение пенсий и ее фактическая выплата осуществлялась в течение 1-1,5 месяца, то за счет автоматизации сроки сокращены до 2 недель.

Также автоматизация пенсионного обеспечения военнослужащих исключает допущение ошибок при назначении пенсий, позволила создать базу данных по расчетам выслуги лет, назначению, прекращению пенсионных выплат.

Кроме того, предусмотренная программой интеграция с Государственной базой данных физических лиц и базой данных ЗАГС позволяет в режиме реального времени использовать для назначения пенсионных выплат самые актуальные данные пенсионеров.

Введение автоматизированной программы «Пенсионные начисле-



ния» утверждено на законодательном уровне внесением соответствующих изменений и дополнений в Правила назначения и осуществления пенсионных выплат военнослужащим, сотрудникам специальных государственных и правоохранительных органов, а также лицам, права которых иметь воинские или специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упразднены с 1 января 2012 года, утвержденные Постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2013 года №1500, предусматривающее направление выписок и уведомлений в филиалы Госкорпорации в электронном формате.

Таким образом, Центром пенсионного обеспечения МО РК на постоянной основе проводится работа по совершенствованию пенсионного обеспечения военнослужащих не только на законодательном уровне, но и в части модификации уже действующей программы для интеграции цифровых технологий в долгосрочной перспективе.

**Информация предоставлена
Центром пенсионного
обеспечения МО РК**



БӨЛІМДЕ АБАЙ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

30131 әскери бөлімінде қазақтың ұлы ақыны, композитор, философия, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және оның алғашқы классигі Абай Құнанбайұлының күні аталып өтті.

Іс-шара барысында 30131 әскери бөлімінің командирі подполковник Киреев Ренат Сагандыкович жеке құрамды құттықтап, мерекелік іс-шараны ашық деп жариялады. Бөлімнің әскери қызметшілері Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айтып, әндерін шырқады. Абай бұрышы орнатылып, бөлімде көрме ұйымдастырылды.

Шара Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 31 қазанындағы №689 «Қазақстан

Республикасындағы мерекелік күндерінің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес атап өтілді. Шын аты Ибраһим Құнанбайұлының туған жері – бұрыңғы Қарқаралы ауданына



қарасты Шыңғыс тауының баурайы. Бүгінде бұл мерекені Қазақстан ғана емес, әлем халықтары атап өтуде.

Кеште орындалған әндер тыңдарман қауымның көңілінен

шығып, жүректерінен орын алды. Осылайша бүкіл дүние жүзіне танымал Абайдың 175 жылдығы 30131 әскери бөлімінде аталып өтті. Бөлім тарихында бұл күн ерекше орын алары сөзсіз.



АҚЫН ЕСІМІ АРДАҚТАЛДЫ

Әуе шабуылына қарсы Қорғаныс әскерлерінің 31767 «Ж» әскери бөлімінде де ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы атап өтілді.



175
Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

31767 «Ж» әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары лейтенант Е.Райымбек әскери қызметшілерге Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты іс-шаралар өткізді. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

"Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады", - деді бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары лейтенант Е.Райымбек.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз» деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері

көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойына халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренд ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Қорытындылай келе, жас сарбаздардың әрі қарайғы білім алып оқуына және әскери қызметтегі борышын өтеуге, толық адам болып қалыптасуына Абай ілімінің берері мол.

АЛМАТЫЛЫҚ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

Білім күні қарсаңында Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының жеке құрамы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға қолдау көрсетіп, мектеп жасындағы балаларына көмек көрсетті.

Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс қызметінің жетекшісі Сымбат Жүнісованың ай-

туынша, биыл алғаш мектеп табалдырығын аттағалы отырған бес балаға әскери

қызметшілердің демеушілігімен мектепке қажетті құрал-жабдықтар табысталды.

– Бұл қайырымдылық акциясы болғаннан кейін әр әскери қызметші көмекке мұқтаж балаларға өз шама-шарқынша көмек қолын созды. Бірі дәптер, сөмке, енді бірі қағаз, қарындаш сияқты оқуға қажетті құралдарды алып берді, – деп атап өтті ол.

Әселдің отбасы толық емес, жалғыз асыраушысы – анасы. Сондықтан мұндай көмек – олар үшін үлкен демеу.

– Қай жағынан көмек берсе де, біз үшін ол үлкен қуаныш. Жағдайымызды ескеріп, көмек берген жандарға айтар алғысым шексіз, – деді жалғызбасты ана



Гүлмира.

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты түрлі қайырымдылық жобаларынан қалыс қалған емес. Көпбалалы, аз қамтамасыз етілген отбасыларға, ауыр дертке шалдыққан балаларға көмек көрсетуден бөлек балалар үйіндегі мүгедек балаларға да демеушілік көрсетіп келеді.





СЫН САҒАТТАҒЫ ЖОЛДАУ

1 қыркүйек күні Ата заңымыздың 59-бабына сәйкес Парламенттің 6 шақырылымдағы 6-шы сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын жолдады.



Республиканың түкпір-түкпіріндегі мемлекеттік мекемелерде жыл сайын Президенттің Жолдауын бір кісідей тыңдау дәстүрге айналған. Сол дәстүрді бұзбай 31767 әскери бөлімінің жеке құрамы да санитарлық нормаларды сақтай отырып, әскери бөлімнің клубына жиналып, сын

сағаттағы Жолдауға құлақ түрді.

Күрделі кезең мен сын сағаттағы Жолдауын әлемдік пандемия кезеңінде жұдырықтай жұмылған қазақ еліне, ақ халатты абзал жандар – дәрігерлерге, құқық қорғау органдарына, әскери қызметшілерге деген алғысымен бастаған

Президент ендігі мәселе қай уақытта болмасын басты міндет болып табылатын елдің экономикасын қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын жақсарту, сыбайлас жемқорлықпен күресуге тоқталды. Бұдан былай пара беруші, алушы, делдал болушыларға қатысты қолданылатын жаза күшейтілмек. «Мемлекеттік аппарат штатының санын қысқарту арқылы үнемделген қаражатты экономиканы көтеруге жұмсаймыз әрі сыбайлас жемқорлықпен күресеміз» деді Президент. Реформаларға тың серпіліс беру қажет деген Президент Жолдауда барлық саланы қамтыды.

Президент адамның бойында табылу қажет деген қасиеттерге тоқталып, Абай айтып өткен бес дұшпаннан аулақ болуға шақырды. Сонда ғана ұлттық болмысымыз бүтін болмақ деп тұжырымдады. Президент халыққа үлкен сенім артты.

Тыңдар құлақ, орындайтын адам болса жүктелген міндет, атқарар жұмыс көп-ақ. Жолдауды ұйып тыңдаған жеке құрам да өзара талқылап жатты.

ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ

Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында жаңа оқу жылының басталуына орай салтанатты шара болып өтті.

Оқу орнының басшылығы курсанттарға сәттілік тілей отырып, алған білімдері мен дағдылары келешекте әскери қызметі жолында берік іргетас болып қаланатынына сенім білдіретінін жеткізді.

Биыл әскери оқу орнына Қазақстанның әр аймағы мен ТМД мемлекеттерінен келіп, қабылдау емтихандарынан сәтті өткен 190-нан астам курсант қабылданды.

ҚР ҚМ Радиоэлектроника және бай-

ланыс әскери-инженерлік институты Орта Азия мемлекеттері бойынша бес мамандықпен офицер-инженерлерді дайындайтын бірінші және жалғыз әскери институт болып табылады.

Меруерт САФАЕВА

ЭВОЛЮЦИЯ ВОЕННОЙ ОБУВИ

История человечества – это сплошные войны за территорию и ресурсы. В каждую эпоху истории солдаты, лежа месяцами в окопах, бились за страну, ее честь и достоинство. Зачастую им приходилось отстаивать честь Родины в довольно скверном обмундировании.

Обмундирование – это такой же элемент успеха, как хорошее техническое вооружение



Историю военной обуви принято вести с эпохи Древнего Рима, когда именно хорошо обутая армия, преодолевающая многокилометровые расстояния по

пересеченной местности, обеспечивала господство Римской империи в Европе. Используя стальные и бронзовые гвозди, римлянам удалось создать военную обувь, прообразом которых были обычные греческие сандалии. Ботинки шнуровались до голени и укреплялись кожаными вставками. Элементы обуви, крепления свидетельствовали о сословной принадлежности солдат римской армии. Так, солдаты, носили специальные армейские сапоги «калиги», предназначенные для длительных переходов с шипами на подошве, с длинными ремнями до середины голени.

В Средние века костюм воина был кардинально преобразован. На смену кожаным одеяниям пришли металлические латы. Обувь рыцарей не редко имела длинный носок. Нередко носки «саботонов» (рыцарская обувь) были съемными. Такая форма обуви была обусловлена модными тенденциями того периода. Длинный латный носок позволял рыцарю не потерять стремя во время боя верхом на лошади, а также наносить смертельные удары врагу во время боя. Носки снимались в том случае, когда рыцарю необходимо было, спешится, в особенности, если носки лат загибались к низу.

В средние века на территории современного Казахстана воины преодолевали сотни километров, сражаясь с недоброжелателями. Судя по описаниям XIII-XIX века, самым ходовым комплектом обуви были кожаные сапоги с высоким острым



каблуком и загнутым кверху носком. В подошву вбивались гвозди с острыми шляпками. Данная обувь была преимущественно для верховой езды.

В середине XIX века обувь стала более простой с закругленным носком и каблуком разной высоты. Обувь шивали жила-



ми ног лошади и крупнорогатого скота. Кроме того, обувь делилась на сезоны года.

Первые сабоны появились в Италии в середине XIV века. Изначально их изготавливали с коротким носком, однако позже миланские мастера делали латы с длинным носом, которые при ходьбе можно



было отстегнуть.

Во времена гражданской войны в Англии солдатам выдавалось по три пары ботинок и ботильонов, для сменного ношения после каждого марша. Туфли с пряжками использовались в Великобритании с 1660 по 1800 года. А сапоги с высокими голенищами английская конница использовала вплоть до Первой Мировой войны.

На смену туфлям с пряжками пришли ботинки на шнуровке. Они были названы в честь прусского военачальника Блюхера. Согласно легенде, солдаты его армии носили обувь с открытой шнуровкой. Такой вид обуви (блюхеры) использовались королевскими войсками Великобритании на протяжении множества войн XIX века.

В годы войны против Наполеона стрелковые подразделения были оснащены обувью из натуральной телячьей кожи. В 20-е годы того же столетия в массовое производство были выпущены сапоги с высоким голенищем из толстой кожи и на высокой подошве. Сапоги использовались в годы Первой Мировой войны английскими, французскими, бельгийскими войсками.

Начало XX века ознаменовалось новым индустриальным подходом к использованию обуви в различных армиях мира. Массовое внедрение резины и синтетического кожзаменителя постепенно вытесняло обувь из натуральной кожи. Новый век был ознаменован новым технологическим подходом к изготовлению прежних фасонов обуви: сапогов и ботинок.

В 1935 году И. В. Плотников разработал новую технологию изготовления обуви на основе хлопчатобумажной ткани, об-

работанной пленкообразующими веществами. Данная обувь была опробована в годы Советско-финской войны, по итогам которой была признана непригодной – материал трескался и ломался на морозе, плохо держал тепло. Кроме того, многие солдаты испытывали трудности из-за химических реактивов. Однако знания ученого Плотникова пригодились в самом начале Великой Отечественной войны, когда остро встал вопрос снабжения солдат качественной обувью. Массовое производство военной обуви началось на заводе «Искож» (Кировский завод), от

их производстве (85%).

Берцы – армейская обувь на шнурках. На сегодняшний день данный вид специальной обуви используется в большинстве армий мира. Несмотря на свою кажущуюся громоздкость, берцы обладают рядом преимуществ, главным из которых является защита голеностопного сустава при движении по пересеченной местности или при приземлении во время прыжков с парашютом. Кроме того, берцы шьют из достаточно толстой кожи, что оберегает ноги военнослужащих от порезов, ударов и укусов змей и насекомых. Также такая обувь довольно термостойка. Особенно это важно военнослужащим, выполняющим боевые задачи в непростых климатических условиях.

Военная форма военнослужащих казахстанской армии страны подразделяется на: особо парадную, парадную, повседневную, полевую и рабочую. Парадная форма включает лакированные полуботинки черного цвета (в зимнее время – полусапожки утепленные, черного цвета). Обувь повседневного гардероба составляют лакированные полуботинки черного цвета (зимний вариант – утепленные полусапожки черного цвета). Комплект полевой формы дополняют кожаные ботинки с высокими берцами черного цвета (зимний вариант предусматривает утепленный вариант ботинок).

С течением времени эволюция армейской обуви привела к новым возможностям военнослужащих в различных армиях по всему миру. Новые технологии изготовления обуви обусловили рост боеспособности личного состава в любых условиях.

Нариман ДЮСЕНОВ



которого и пошло знаменитое название «кирза» (кирзовые сапоги).

Технология изготовления кирзы не меняется с 1941 года. Долгое время Советская армия использовала кирзовые сапоги, являясь при этом мировым лидером в



ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Осы жылы әскери жоғары оқу орындарын бітірген жас офицерлер одан әрі қызмет ету үшін Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне келді. Қарулы Күштердің барлық бөлімдері мен тармақтарындағыдай «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскерлері де лейтенанттар жиналысына дайындалды. Осы мақсатта тренингтер ұйымдастырылды, оның барысында сарбаздар тәжірибелі офицерлерге сеніп тапсырылды.

Жиын лейтенанттардың «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Қайдар Қарақұловпен жеке кездесуден басталды. Мұндай кездесу өткізудің мағынасы өте зор. Лейтенанттар командирімен жеке танысу және оның өмірбаяны мен мансаптық өсу кезеңдерін оқып-үйрену үшін өмірлік үлгі алады. Өйткені, бір кездері генералдың өзі әскери университетті бітірген және әскери қызметке алғашқы қадамдарды жасаған. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының лейтенанттан генералға дейінгі жолы жас офицерлерге одан әрі қызмет етудің ең жақсы үлгісі мен бағдары болып табылады.

«Барлығы сіздің қолыңызда! Бұл сізді әскери ұжымдарда қалай көрсететіндігіңізге байланысты. Егер сіз әскери институтта әскери пәндер мен дене қимылдарын оқуға жауапкершілікпен қарасаңыз, өз біліміңізді іс жүзінде жеткілікті түрде қолдана аласыз. Сонда сізді әріптестер де, бағыныштылар да құрметтейтін болады. Әрине, офицер адал және әдепті, қатал, бірақ әділ болуы керек екенін есте ұстаған жөн», - деп бастады генерал-майор Қайдар Қарақұлов лейтенанттарға қарата әңгімесін.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының патриоттық қоштасу сөздері әскери жоғары оқу орындарының түлектеріне рух берді. Олардың барлығы офицер мамандығын

әдейі таңдады, олардың көпшілігі әскери мектептерде оқып жүрген жасөспірім кездерінде әскери киім киді. Командирдің жылы қабылдауы да, мұқият көңіл-күйі де лейтенанттардың аға командирлердің сенімін ақтауға, жоғары жауапкершілік, жеке тәртіптілік пен өзін-өзі жетілдіруге дайын болуына себеп болды.

Оқу-жаттығу жиынына қатысу үшін жас офицерлер қайтадан парталарына отыруға мәжбүр болды, бірақ әскери университеттерде өткендерін тез қайталау үшін бір апта ғана уақыт берілді. Заманауи аралас қару-

жарақтың, әскери топографияның, техникалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің, әскери психологияның, инженерлік техниканың, әскери медициналық дайындықтың негіздері - осы және басқа да көптеген тақырыптарды лейтенанттар қайта оқып шықты. Ал оларды қолданылуы аясы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскерлерінде өрбіді.

«Мұндай оқу-жаттығу жиындарын өткізу - бұл жас офицерлерді іс барысына енгізудің бір түрі. Офицерлердің әскери университетте оқып жүрген кезінде алған теориялық білімдері, әрине,





одан әрі қызмет етудің қуатты негізі болып табылады. Бірақ қазір мұның бәрін тәжірибеде сәттілікпен қолдану маңызды. Жас командирлермен кездесулерде біз оларға қызметтегі алғашқы тәуелсіз қадамдарды жасауға көмектесеміз», - деді Тараз гарнизонындағы лейтенанттармен

жинақтың бастығы подполковник Мұхтар Орынбай.

Лейтенанттармен бірге оқу бағдарламасында теориялық зерттеулерден басқа практикалық бөлім де болды: оқ арудан және жаяу әскердің ұрыс машиналарын жүргізу. Өзінің

қарамағындағыларды жаттықтыру үшін жас командирлердің өздері жоғары дайындыққа және өртке қарсы жаттығуларда практикалық дағдыларға ие болуы керек. «Айша бибі» жаттығу полигонындағы практикалық жаттығулар кезінде лейтенанттар атыс жаттығуларында шеберліктерін көрсете алды. Команда жас офицерлерді зерттеуге, олардың дайындық сапасын бағалауға мүмкіндік алды.

«Оқу-жаттығу жиынына қатысу бізге қызметтің қағидаттары туралы, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріндегі атмосфера туралы алғашқы идеяларды алуға мүмкіндік берді. Бізге сабақ берген аға офицерлер тарапынан жақсы қолдау сезілді. Біз қызметіміз басталатын «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - үлкен әскери ұжымның құрамына кіргенімізге қуаныштымыз», - дейді Құрлық әскерлері әскери институтын үздік бітірген лейтенант Мирас Жақсылы.

ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚҚА ТАРТУ

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына 20 жыл толу құрметіне орай Гвардейск гарнизонының 21742 әскери бөлімінде спорт қалашығы ашылды.

Іс-шараның ашылуына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тыл және қару-жарақ басқармасы бастығының орынбасары - оқ-дәрілер Бас басқармасының бастығы полковник Шакен Жарылқасынов және «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының қару-жарақ жөніндегі орынбасары полковник Владимир Сафонов қатысып, құттықтау сөздер айтты. Сонымен қатар басқа да әскери қызметшілер мен қонақтар қатысып, футболшы командаларға жанкүйер болды.

«Бүгінгі спорт қалашығының ашылуы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына 20 жыл толу құрметіне орай ұйымдастырылған іс-шара. Біздің әскери бөлімде осындай спорт қалашығының ашылғаны мен үшін қуанышты жағдай, себебі спорт ұжымды бірлік пен

тәрбиеге жетелейді, әрі спортпен шұғылдансаң күні бойы өзіңді сергек сезініп жүресің. Осы спорт қалашығы әскери бөлімдер арасында спорт түрлерінде жарыстардың болуына септігін тигізетініне сенімдімін. Біздің аразымызда спорт түрлерінің біріне бейім әскери қызметшілер де бар, олар келешекте жарыстарға қатысып, Еліміздің туын көкке көтеруі де әбден мүмкін», - дейді әскери бөлім командирі полковник Асан Лебаев.

Әскери бөлім аумағында орналасқан жалпы көлемі 50/60 метрді құрайтын спорт қалашығында шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі және күш жаттығуларына арналған тренажерлер орналастырылған. Спорт қалашығын құру, әскери бөлім командирі полковник Асан Лебаевтың бастамасымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар

спорт қалашығының құрылуына подполковник Атабек Рыспаев, 1-ші сынып сержанты Алтай Омаржанов және аға сержанты Асхат Мусаевтар атсалысып, ынта-жігерлері мен адал еңбектерінің арқасында мақсатқа қол жеткізді. Әсіресе аға сержанты Асхат Мусаевтың спорт қалашығына қосқан үлесі зор болды. Сондай-ақ майор Бағлан Бірімбетов пен ефрейтор Марал Султанбекова спорт қалашығының ашылу іс-шарасына безендіру жұмыстары мен музыкалық қойылымдарды ұйымдастырды.

Спорт қалашығының ашылу іс-шарасынан соң гарнизондағы әскери бөлімдер арасында командалар құрылып, шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа 11 команда қатысып, 2 топқа бөліну арқылы ойын көрсетті.

Ойын соңында жеңімпаз командаға

ауыспалы кубогы берілді. Шағын футболдан жарыс қорытындысы бойынша I орынды 21450 әскери бөлімінің командасы жеңіп, ауыспалы кубогтың иесі атанды, команда капитаны әскери бөлім командирі подполковник Табылды Исалиев. II орынды 30212 әскери бөлімінің командасы иеленді, команда капитаны ұлан капитаны Еркебұлан Шахабаев. III орын-

ды 28123 әскери бөлімінің командасы қанжығасына байлады, команда капитаны сержант Самат Джавгашев. Орын алған командалар мен үздік шабуылшы майор Ұлан Алимжанов, үздік қорғаушы сержант Самат Джавгашев және үздік қақпашы келісімшарт бойынша әскери қызметші қатардағы жауынгер Дулат Кален грамотамен марапатталды. Ал, ең үздік

голдың иесі майор Дулат Серикпаев болды. Айтулы іс-шараға Гвардейск гарнизоны бойынша әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жетекшісі Сандуғаш Наханова да қатысып, жарысқа қатысқан командаларға рухани шабыт сыйлап, жеңіске жетулеріне ұранды, адуынды сөздермен жігер беріп, бір селпітіп тастады.

САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ ЖҮРГІЗІЛДІ

«Гвардейск» гарнизонында коронавирустық инфекция пандемиясының алдын алу бойынша дезинфекциялық жұмыстар әлі де жалғасып келеді.

Дезинфекциялық іс-шараларға әскери бөлімдерден келісімшарт бойынша әскери қызметшілер тартылып, дезинфекциялау топтары құрылды. Олар гарнизон аумағы мен мекемелерге және тұрған үйлерге дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуде. «Гвардейск» гарнизонының әскери госпиталі командирінің ұйымдастыруымен антисептик сұйықтығы уақтылы жеткізіліп отырды.

Төтенше жағдай кезеңінде дүрбелең көңіл-күй мен жалған қауесеттердің таралуы барысында жеке құрам мен гарнизон тұрғындарының қанағаттанарлық моральдық-психологиялық жағдайын қолдауға бағытталған тәрбие және идеологиялық жұмыстар ұйымдастырылып өткізілді.

Атқарылған іс-шараларды атап айтатын болсақ, әскери тәртіп пен құқық тәртібін нығайту мақсатында «Эпидемия кезеңінде гарнизонға коронавирустық инфекцияның келуі мен таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Гвардейск гарнизоны бастығының бұйрығы шығарылды. Лауазымды адамдардың санитариялық-профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды орындау және іс-қимыл алгоритмін бақылау жөніндегі комиссия құрылды. Бөлімдердің жеке құрамы ара-



сында алдын алу және профилактикалық іс-шаралар кешені ұйымдастырылып өткізілді.

Гарнизондық Офицерлер үйі мен мәдени-демалыс орталықтарының қызметі тоқтатылды. Ойын-сауық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салынды. Гарнизонның жеке құрамы үшін

коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша қалта жадынамасы таратылды. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері арасында гигиеналық талаптар мен сырттай өмір салтын насихаттау жүзеге асырылды.

Президент пен Үкіметтің өтініштері және жеке құрамның алдында тұрған міндеттер мен қолбасшылықтың



бұйрықтары жеткізілді. Әскери қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту, қойылған міндеттерді орындау, төтенше жағдай кезеңіндегі бұйрықтар, қорқақтық, азғындық және моральдық тұрақсыздық элементтерінің батыл жолын кесу жөнінде шараларды қабылдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай кезеңінде ақпараттық қауіпсіздік пен мінез-құлық этикасын қатаң және бұлжытпай сақтау, адамдар көп жиналатын қоғамдық орындарға (мекемелерге) баруға тыйым салу, әртүрлі жалған қауесеттердің және үрейлі көңіл-күй мен әскери ортадағы әлеуметтік шиеленістің телефон арқылы интернетте, мобильді және әлеуметтік желілерде (мессенджерлерде) таралуын болдырмау және жолын кесу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Карантиндік режимнің сақталуын

бақылау мақсатында әскери полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп әскери қалашықты патрульдеу жүзеге асырылды және орталық бақылау өткізу пунктінің режимін қадағалау күшейтілді. Бөлімдердің бақылау өткізу пункттердегі медициналық бекеттердің жұмысын тексеру тұрақты негізде жүргізілді. Орталық бақылау өткізу пункті аймағына карантиндік талаптарды сақтауға шақыру бойынша баннер қойылды. Бөлімдер мен бөлімшелердің офицер-психологтары жедел жағдайдың әртүрлі жағдайларында іс-қимыл жасау кезінде психологиялық тұрақтылық пен әзірлікті қалыптастыру және жеке құрамның салауатты моральдық-психологиялық жай-күйін қолдау үшін жүйелі түрде психологиялық тренинг пен сұхбаттасулар жүргізілді.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі

кеңестер әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәселелерін қарау бойынша моральдық-психологиялық жұмыстарды жүргізді. Кәсіпкерлермен бірлесіп, «Гвардейск» гарнизонының 50 аз қамтылған және қарт адамдарға қажетті азық-түлік өнімдерімен көп балалы отбасыларға көмек көрсетілді. Волонтерлік жұмыс ұйымдастырылып, гарнизон тұрғындарына 560 медициналық маска таратылды.

Гарнизонда тұратын жалғыз басты 43 қарт адамға дәрі-дәрмек беру бойынша өтеусіз көмек жұмыстары дәріханаларда ұйымдастырылды және оларға карантин талаптарын сақтау бойынша қол қойғызу арқылы міндеттеме қабылданды. Сондай-ақ карантин талаптарын сақтау мақсатында үй карантиніне оқшауланған адамдарды тексеру іс-шаралары жүргізілді. Атқарылған іс-шаралардың арқасында гарнизондағы жағдай бірқалыпты.

АЛДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Тараз гарнизонының құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының отырысы мағыналы әрі болашақтағы жұмыс бағдарын айқындау үшін пайдалы болды. Ведомствоаралық комиссияның жұмысын оның төрағасы - Тараз гарнизонының бастығы, «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Қайдар Қарақұлов және Оңтүстік аймақтың әскери прокуроры әділет полковнигі Арман Капезов басқарды.

Кездесу гарнизонның офицерлер үйінде өтті, оған Тараз гарнизонында орналасқан барлық күштік құрылымдардың әскери бөлімдерінің командирлері қатысты. Олардың қатарында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы басшылығы мен әскери бөлімдерінің өкілдері, құрылымдық жағынан Қазақстан Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің құрамына кіретін Ұлттық ұланның әскери бөлімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара әскерлерінің басқармасы мен әскери бөлімдері, Жамбыл облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті және басқа да

әскери мекемелердің басшылары бар.

«Әрбір әскери ұйымдардың өз жұмысында өзіндік міндеттері мен бағыттары болғанымен, барлығымызды бір мақсат біріктіреді. Ол – әскери ұжымдардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу. Егер қандай да бір мәселе әскери форма киген адамдардың заңдылықты және тәртіпті бұзуына қатысты болса, бейбіт тұрғындар ол әскери қызметшілердің қандай түрдегі немесе қандай бағытқа жататындығына қарамастан, әскери қызметші деп қана таниды. Сондықтан әскери қызметшілердің мәртебесін лайықты қорғау, оған кір келтірмеу – біздің ортақ міндетіміз», - деп

атап өтті «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Қайдар Қарақұлов.

Ведомствоаралық комиссия отырысы барысында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының заң қызметінің бастығы, полковник Жексенбай Салиев Оңтүстік аймақтың әскери прокурорының ұсыныстарымен таныстырды. Тараз гарнизонындағы профилактикалық шаралар туралы аталған қолбасшылықтың тәрбие және идеологиялық жұмыс бөлімінің өкілі полковник Айбек Жүсіпов баяндама жасады, Тараз гарнизоны әскери полиция бөлімінің өкілі подполковник Қайрат Амитов сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес шаралары туралы әңгімелесе, әскери бөлімдердің командирлері өз жұмыстары жайында сөз етті.

Бірнеше жыл бұрын Тараз гарнизонында құрылған құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия әртүрлі күштік құрылымдардың командирлері мен әскери қызметшілерін жинаған. Әртүрлі әскери мекемелерде қылмыстың алдын алу әдістері мен тәсілдері бір-біріне ұқсас. Өйткені қызметтің ерекшелігі, жалпы алғанда, барлық жерде бірдей. Тиісінше, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары да бірдей болуы керек.

Заңды бұзу оқиғаларын мұқият талдау әскери ортадағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді. Сондықтан, ведомствоаралық комиссия отырысы барысында анықталған құқық бұзушылықтар туралы істер егжей-тегжейлі талдаудан өтті.

«Әскери қызметшілердің заңдарды бұзу жағдайларын талдай отырып, біз дұрыс қорытынды жасап, оларды алдын алу шаралары ретінде қолдануымыз керек. Белсенді жұмыс істеп, әскердегі қылмысты жоюға барлығымыз жұмыла күш салуға тиіспіз», - деп қорытындылады сөзін Оңтүстік өңірінің әскери прокуроры әділет полковнигі Арман Қапезов.

Сонымен бірге, Ішкі істер министрлігі Әскери тергеу басқармасы Тараз қалалық департаментінің бастығы, әділет подполковнигі Досжан Мамырбаев қызметтік тергеу жүргізіп, тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдаған кезде командирлер әділ болып, тек құқық бұзушылық жасағаны немесе жол бергені үшін кінәлі адамдарды жазалауы керектігін баса айтты.

«Кінәсіздерді жазалау әскери қызметшілердің жұмысына кері әсерін тигізіп, әділеттілікке деген сенімділікті

төмендетуі мүмкін. Сондықтан біз шынымен кінәлі адамдарды ғана жазалауымыз керек, оларға ешқандай қатысы жоқ адамдарға кесіріміз тимесін. Бұл әділеттілікке деген сенімді күшейтеді, жеке құрамға командирлік ететін адамдардың жауапкершілігін күшейтеді және әскери тәртіпті одан әрі нығайтады», - деп атап өтті әділет подполковнигі Досжан Мамырбаев.

Әртүрлі мәселелерді талқылау және құқық бұзушылықтарды егжей-тегжейлі талдау құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысына қатысушыларға көптеген мәселелерді қамтуға мүмкіндік берді. Пікір және тәжірибе алмасу комиссияның жұмысын жемісті және нәтижелі етіп, әртүрлі күштік құрылымдардың әскери бөлімдері командирлері арасындағы диалогты жоғары деңгейге жеткізді.

Майор Жомарт ТАЖИХАНОВ





Қуатты армия – Ел тірегі



2020

АЙБЫН

Республиканский «военно-аналитический» журнал